

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес картон қораптар дайындауға арналған автоматты түрде тегістеп қашау пресін сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 19 желтоқсандағы № 180 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 52-бабының 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Тегістеп қашайтын қалыптың көмегімен гофрокартон табақтарынан картон қораптар дайындауға арналған, мынадай операцияларды: престеуді, кесуді, тегістеуді (табақты кейіннен сапалы бұғу үшін жаншуды), тесуді қамтамасыз ететін автоматты түрде тегістеп қашау пресі сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасына Түсіндірмелердің 1 және 6-негізгі қағидаларына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 8441 30 000 0 қосалқы позициясында сыныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян